

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес
отырысының №4 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

01.06.2026 жыл

Өткізілетін орны: №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

Қатысушылар: саны-7 адам. Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі.
2. Келесі оқу жылына МДҰ ғимаратын дайындау, ұсыныстар.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жағдайы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Бисенбайқызы қамқоршылық кеңесінің бір жыл ішінде атқарған жұмыстарына талдау жасады. Ең алдымен балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал ету. 2008 жылдан бері балабақша ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді. 2025 жылы мемлекеттік сараптама мен сметалық құжаттары дайындалған болатын, алайда облыстан қаржы қарастырылмауына байланысты кейінге шегерілді. Жалпы балалақшаның негізгі бағыттары тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, қайырымдылық және демеушілік көмектерді ұйымдастыру, мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға қолдау көрсету, ұйымның ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету. Аталған бағыттар бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Ата-аналардың көмегімен демеушілік көрсетіліп, әр топтарға 100 мың теңге көлемінде балаларға ойыншықтар алынды. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жолында түрлі мерекелік іс-шаралар біріге өткізілді. Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасын бақылау мақсатында ата-аналар арасынан топ құрылып, күнделікті тағам сапасы мен әр балаға берілетін тағамның мөлшері бақыланып келеді. Көктемдегі абаттандыру жұмыстарына ата-аналар ат салысып, бірқатар жұмыстар атқарылды. Ауладағы қураған талдар мен қоқыстар шығарылып, жаңадан талдар мен гүлдер отырғызылды. Жаз айларында балардың ойын алаңдары ретке келтіріліп, түрлі ойындар жасақталды.

2026-2027 оқу жылына балабақша ғимаратын жаңа оқу жылына дайындау мәселесін балабақшаның шаруашылық меңгерушісі А.Кушкимбаеваға берілді. Ағымдағы жөндеу жұмыстары ішінара жүргізілді. Барлық топ бөлмелері санитариялық талаптарға сәйкестендірілді. Атап айтсам, топтардағы көрпе төсектер камералық дезинфекциядан өтті, жиһаздар мен ойын құралдарының жарамдығы тексерілді. Алдағы айларда жылыту, су және электр жүйелерінің дайындығын қадағалау, сонымен қатар, өрт қауіпсіздігі құралдарының жарамдылығын тексеру, аула аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізу. Сөз соңында, ата-аналар сенбілігін ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады.